

**"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2017 жылғы есепті бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 мамырдағы № 288 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2017 жылғы есепті бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 134-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2017 жылғы есеп бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2017 жылғы есепті Қазақстан Республикасының Парламентіне ақпарат тәртібімен ұсынсын;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2017 жылғы есеп және аудит жүргізу нәтижелері туралы ақпараттың мерзімді баспа басылымдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Н.Назарбаев*

Қазақстан Республикасы  
Президентінің 2018 жылғы  
№ 288 Жарлығымен  
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2017 жылғы ЕСЕП**

Мазмұны:

1-тарау. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі - Ұлттық қор) түсімдері және оның пайдаланылуы туралы 2017 жылғы есеп.

2-тарау. Ұлттық қор сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) қызметі туралы 2017 жылғы есеп.

3-тарау. Ұлттық қорды басқару жөніндегі 2017 жылғы өзге де деректер.

**1-тарау. Ұлттық қор түсімдері және оның пайдаланылуы туралы 2017 жылғы есеп**

Р/с №	Ұлттық қордың қаражатын қалыптастыру және пайдалану	Сомасы (мың теңге)
1.	Ұлттық қордың есепті кезеңнің басындағы қаражаты	23865623843*
2.	<p>Ұлттық қорға түсетін түсімдер: мұнай секторы ұйымдарынан түсетін тікелей салықтар (жергілікті бюджеттерге есептелетін салықтарды қоспағанда) оның ішінде: корпоративтік табыс салығы 3479812466</p> <p>үстеме пайдаға салынатын салық 2001135951</p> <p>бонустар пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық 782798272</p> <p>экспортқа салынатын рента салығы 50603683</p> <p>жасалған келісімшарттар бойынша өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі мұнай секторының ұйымдарынан өнімді бөлу туралы 5083596</p> <p>келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі 250407739</p> <p>285893066</p> <p>мұнай секторы ұйымдары жүзеге асыратын операциялардан түсетін басқа да түсімдер (жергілікті бюджеттерге есептелетін түсімдерді қоспағанда) 0</p> <p>оның ішінде: 32368996</p> <p>орталық мемлекеттік органдар, олардың аумақтық бөлімшелері мұнай секторы ұйымдарына салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар 4812646</p> <p>республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мұнай секторы ұйымдарына салатын басқа да айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар 299927</p> <p>мұнай секторы ұйымдары келтірген зиянның орнын толтыру туралы талаптар бойынша табиғатты пайдаланушылардан алынған қаражат 27251201</p> <p>5222</p> <p>мұнай секторы ұйымдарынан түсетін басқа да салықтық емес түсімдер 7427304</p> <p>республикалық меншіктегі жекешелендіруден түсетін түсімдер 444243</p> <p>ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер 1429000167</p> <p>Ұлттық қорды басқарудан түсетін инвестициялық кірістер 9435805</p> <p>республикалық бюджеттен кепілдендірілген трансфертті қайтару 0</p> <p>республикалық бюджеттен нысаналы трансфертті қайтару 0</p> <p>Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге түсімдер мен кірістер</p>	
3.	<p>Ұлттық қорды пайдалану: кепілдік берілген трансферттер 4420911499</p> <p>нысаналы трансферттер 2880000000</p> <p>1534317413</p> <p>Ұлттық қорды басқаруға және жыл сайынғы сыртқы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жабу 6594086</p>	
4.	Ұлттық қордың есепті кезеңнің соңындағы қаражаты	22924524810**

Ескертпелер:

\* 2017 жылдың басындағы сальдо 6236340 мың теңге мөлшерінде Ұлттық қордың есептелген және мерзімі ұзартылған шығыстарының сомасын және 49 мың теңге - айырма мен сыртқы аудиторлар жасаған өткен жылдардағы қаржылық есептіліктегі дөңгелектеу сомасын және түзету сомасы болып табылатын 2468833781 мың теңге соманы емеппе алмай көрсетілген;

\*\* 2017 жылдың соңындағы сальдо 14986499 мың теңге мөлшерінде Ұлттық қордың есептелген және мерзімі ұзартылған шығыстарының сомасын және 49 мың теңге - айырма мен сыртқы аудиторлар жасаған өткен жылдардағы қаржылық есептіліктегі дөңгелектеу сомасын және түзету сомасы болып табылатын 2397424540 мың теңге соманы есепке алмай көрсетілген.

2017 жылғы 1 қаңтарда Ұлттық қордың қаражаты 23865623843 мың теңгені (21390553673 мың теңге - аудиттелген қаржылық есептілікке сәйкес есептеу әдісімен), 2017 жылғы 31 желтоқсанға 22924524810 мың теңгені (20512113722 мың теңге - аудиттелген қаржылық есептілікке сәйкес есептеу әдісімен) құрады.

2017 жылы Ұлттық қорға 2050812299 мың теңге түсті, оның ішінде: мұнай секторы ұйымдарынан түскен тікелей салықтардың түсімдері есебінен (жергілікті бюджеттерге есептелетін салықтарды қоспағанда) - 2001135951 мың теңге, оның ішінде 1270393939 мың теңгесі (3897658 мың АҚШ долларына барабар) күнбе-күн дәйекті айырбастау/қайта айырбастау операциясын жүргізу жолымен Ұлттық қордың теңгедегі тиісті шотына есептелген шетел валютасындағы түсімдер; мұнай секторы ұйымдары жүзеге асыратын операциялардан түсетін басқа да түсімдер (жергілікті бюджеттерге есептелетін түсімдерді қоспағанда) — 32368996 мың теңге, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер - 444243 мың теңге және республикалық меншікті жекешелендіруден түсетін түсімдер - 7427304 мың теңге.

"2017 - 2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 20 ақпандағы және 2017 жылғы 13 қарашадағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес 2017 жылы республикалық бюджеттен Ұлттық қорға мынадай сомалар аударылған:

- Ұлттық қордан республикалық бюджетке нысаналы трансферт түрінде тартылған пайдаланылмаған қаражаттың бір бөлігін 9435805 мың теңге сомасында Ұлттық қорға қайтару.

Бағамдық түзету ескеріле отырып, Ұлттық қорды басқарудан түсетін инвестициялық кіріс түсімдерінің есептелген сомасы 1429000167 мың теңгені құрады.

2017 жылы Ұлттық қорға мұнай секторы ұйымдарынан түскен түсімдердің құрылымы мынадай көрсеткіштермен сипатталады:

--	--	--

Салықтық /салықтық емес түсімдердің түрлері	Сомасы (мың теңге)	Жалпы көлемдегі үлесі, (%)
Мұнай секторы ұйымдарының заңды тұлғаларынан алынатын корпоративтік табыс салығы	782798272	38,49
Үстеме пайдаға салынатын салық	50603683	2,50
Бонустар	5083596	0,25
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық	626349595	30,80
Экспортқа салынатын рента салығы	250407739	12,31
Шикізат секторы ұйымдарынан алынатын өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі	285893066	14,06
Орталық мемлекеттік органдар, олардың аумақтық бөлімшелері мұнай секторы ұйымдарына салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	4812646	0,24
Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мұнай секторы ұйымдарына салатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	299927	0,01
Мұнай секторы ұйымдары келтірген зиянның орнын толтыру туралы талаптар бойынша табиғатты пайдаланушылардан алынған қаражат	27251201	1,34
Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін басқа да салықтық емес түсімдер	5222	0
Барлығы:	2033504947	100

Ұлттық қорға мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдердің негізгі бөлігін (38,50 %) заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы мен пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық (30,80 %) құрады, олардың түсімдердің жалпы сомасындағы үлесі 69,30 % құрады. Түсімдердің жалпы сомасындағы Қазақстан Республикасының өнімді болу жөніндегі үлесі 14,06 %, экспортқа салынатын рента салығы 12,31 % және үстеме пайдаға салынатын салық 2,49 % құрады.

Бұдан басқа, 2017 жылға бекітілген мұнай секторы ұйымдарының тізбесінен (152 ұйым) тек 105 ұйым Ұлттық қорға тікелей салықтарды төлеуді жүзеге асырғанын атап өту керек.

Есепті кезеңде Ұлттық Банк 1752761956 мың теңге (5481762 мың АҚШ долларына балама) сомасына Ұлттық қордың тұрақтандыру портфелінен бағалы қағаздарды сату есебінен теңгеде Ұлттық қордың валюталық активтерін қайта айырбастауды, оның ішінде 2017 жылдың үшінші тоқсанында - 322,27 (KZT/USD) бағамы бойынша 1092146688 мың теңге (3388918 мың АҚШ долларына балама) сомасында жүзеге асырады.

Сондай-ақ есепті кезеңде Ұлттық Банк Ұлттық қордың тұрақтандыру портфелінен теңгеде 2753238774 мың теңге (8349464 мың АҚШ доллары балама) жалпы сомасында АҚШ долларын қайта айырбастауды жүзеге асырды, оның ішінде:

2017 жылдың үшінші тоқсанында - 333,46 (KZT/USD) бағамы бойынша 1260810242 мың теңге (3780964 мың АҚШ доллары балама) сомасында;


2017 жылдың төртінші тоқсанында - 335,44 (KZT/USD) бағам бойынша 671315054 мың теңге (2001300 мың АҚШ доллары балама) сомасында жүзеге асырды.

"2017 - 2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" 2016 жылғы 29 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2017 жылы Ұлттық қордан республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферт түрінде ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламалардың шығыстарын қаржыландыруға 2880000000 мың теңге жоспарында 2880000000 мың теңге аударылды, бұл жылдық жоспардың 100% құрады және нысаналы трансферт түрінде 1534317413 мың теңге аударылды, бұл 2017 жылға бекітілген сомадан 99,9 % құрады.

2017 жылы теңгемен номинацияланған бағалы қағаздар эмиссиясының шарттарына сәйкес эмитенттерден жалпы сомасы 31406609 мың теңгеге купондық сыйақы, оның ішінде "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының облигациялары бойынша — 30539514 мың теңге; "Бәйтерек" Ұлттық басқарма холдинг " акционерлік қоғамының облигациялары бойынша - 843095 мың теңге; "ҚазАгро" Ұлттық басқарма холдинг" акционерлік қоғамының облигациялары бойынша - 24000 мың теңге алынды.

Сондай-ақ 2017 жылы "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының эмитенті 169575121 мың теңге жалпы сомасында облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді жүргізді.


### **Облигациялық қарыздар түрінде бөлінетін қаражатты есепке алмағанда Ұлттық қор қаражатының пайдаланылуы (млрд. теңге)**




АҚШ доллары Ұлттық қордың валютасы болып табылатынын атап өткен жөн. 2017 жылы Ұлттық қорға мұнай секторы ұйымдарынан түскен түсімдер (2033504947 мың теңге) 2016 жылмен салыстырғанда (1137924581 мың теңге) 895580366 мың теңге сомасына немесе 79 %-ке едәуір ұлғайған. Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін салық

түсімдерінің ұлғаюы негізінен әлемдік нарықтағы мұнай бағасының көтерілуіне байланысты болды.

Инвестициялық кірісті есепке алмағанда Ұлттық қорға түсетін түсімдер (млрд. теңге)



Осылайша, есепті кезеңде Ұлттық қордың активтері 2016 жылмен салыстырғанда 3,8 % немесе 2,5 млрд. АҚШ долларына қысқарған.



Ұлттық қордың ағымдағы шотында теңгедегі ақшаның қалдығы 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша 337924084 мың теңгені құрады.

2-тарау. Ұлттық Башстің Ұлттық қордың сенімгерлік басқару жөніндегі 2017 жылғы қызметі туралы есебі

"Делойт" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүргізген Ұлттық қордың аудитінің нәтижелері бойынша қаржылық есептілік дұрыс деп танылды және Ұлттық қордың

қаржылық жағдайының халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес келетінін көрсетеді.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Ұлттық қордың кредиторлық берешегі мен есептелген төленбеген шығыстарының жалпы сомасы 15797681 мың теңгені құрады, оның ішінде:

1) сатып алынған қаржылық құралдар бойынша кредиторлық берешек - 811182 мың теңге:

2) Ұлттық қорға керсетілген қызметтер үшін теңгедегі кредиторлық берешек- 14986499 мың теңге, оның ішінде:

14621019 мың теңге - активтерді басқарғаны үшін комиссиялар, оның ішінде:

9162373 мың теңге — Ұлттық Банкінің комиссиялық сыйақысы;

5458646 мың теңге — сыртқы басқарушылардың көрсететін қызметтері үшін комиссия;

365480 мың теңге - өзге де есептелген шығыстар, оның ішінде:

339480 мың теңге - кастодиандық қызметтер көрсеткені үшін;

26000 мың теңге - Ұлттық қордың сыртқы аудитін жүргізу жөніндегі керсетілетін қызметтер үшін.

1-нысан

Ұлттық қордың активтері мен міндеттемелері туралы есеп (мың. теңге)

Баптардың атауы	2017 жылы	2016 жылы
Активтер		
Ақша қаражаты және оның баламалары	875369817	984910062
Туынды қаржы құралдарын қоспағанда, пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы ісұралдары:		
Ұлттық қордың меншігінде тұрған	18843895870	19706662734
РЕПО мәмілелері бойынша кепіл ауыртпалығы бар		
Өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестициялар	803202749	865121400
Туынды қаржы құралдары	5366486	22 479752
Дебиторлық берешек	2501930	93451
Активтер жиыны	20530336852	21579267399
Міндеттемелер		
Туынды қаржы құралдары	2425449	15044697
РЕПО мәмілелері бойынша кредиторлық берешек		
Кредиторлық берешек және есептелген шығыстар	15797681	173669029
Міндеттемелер жиыны	18223130	188713726
Таза активтер	20512113722	21390553673

2017 жылғы 31 желтоқсанда Ұлттық қордың дебиторлық берешегінің жалпы сомасы 2501930 мың теңгені құрады, оның ішінде:

1402602 мың теңге - АҚШ долларында қаржы құралдары бойынша өтеуге сомалар;

1092247 мың теңге - Швейцария франкінде қаржы құралдары бойынша өтеуге сомалар;

7081 мың теңге - шетел валютасында инвестициялық операциялар бойынша дебиторлық берешек.

2-нысан

Ұлттық қордың жиынтық кірісі туралы есеп (мың теңге)

Баптардың атауы	2017 жылы	2016 жылы
Кірістер		
Сыйақы түріндегі кірістер	276992578	311879982
Дивидендтер түріндегі кірістер	78551737	77895677
Форвардтық валюталық келісімшарттарды қоспағанда, пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы құралдарынан түскен таза кіріс/(зиян)	415943927	157045363
Форвардтық валюталық келісімшарттардан түскен таза кіріс/(зиян)	7688455	11245857
Шетел валютасымен операциялардан түскен таза кіріс/(зиян)	733984234	(271 486 265)
Кірістердің жиыны	1513160931	286580614
Шығыстар		
Активтерді басқарғаны үшін комиссиялар	(14428090)	(13522564)
Кастодиандық керсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстар	(890109)	(899196)
Аудиторлық керсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстар	(26000)	(9900)
Кәсіби көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстар		
Бағдарламалық енімдерді және ақпараттық дерекқорды пайдаланғаны үшін ақы төлеу бойынша шығыстар	(46)	(4403)
Шығыстардың жиыны	(15344245)	(14436063)
Таза кіріс/ (шығын)	1497816686	272144551
Басқа да жиынтық кіріс /(шығын)		
Қайта санау кезіндегі бағамдық айырма	(84160764)	(441651260)
Басқа да жиынтық кіріс/(шығын)	(84160764)	(441651260)
Кезеңдегі жиынтық кірістің/(шығынның) барлығы	1413655922	(169506709)

Ұлттық қорды сенімгерлік басқарудың қорытындысы бойынша 2017 жылғы негізгі көрсеткіштер:

1) басқару нәтижелері бойынша кірістер 1513160931 мың теңгені;



2) басқарудан болатын шығыстар 15344245 мың теңгені;

3) теңгеге қайта бағалау (қайта есептеу) бойынша теріс айырма 84160764 мың теңгені құрады.

Осылайша 2017 жылы таза кіріс 1497816686 мың теңгені, Ұлттық қорды басқарудан болатын шығыстарды шегергенге дейінгі жалпы жиынтық кіріс 1429000167 мың теңгені, Ұлттық қорды басқарудан болатын шығыстарды шегергеннен кейінгі жалпы жиынтық кіріс 1413655922 мың теңгені құрады.

Ұлттық қордың жаһандық кастодианының деректері бойынша 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 2017 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде базалық валюта - АҚШ долларымен есептелген инвестициялық кіріс (іске асырылған және іске асырылмаған) қалыптасты, ол 4428704 мың АҚШ долларын құрады. Мәмілелер жасауға арналған шығындарды ескере отырып, түзетілген инвестициялық кіріс Ұлттық қордың жаһандық кастодианының деректері бойынша сол кезең ішінде 4426938 мың АҚШ долларын құрады.

Ұлттық қордың шотынан 2017 жылдың ішінде Ұлттық қорды басқаруға байланысты жалпы сомасы 6594086 мың теңгеге мынадай шығыстар төленді:

1) 3010642 мың теңге - Ұлттық қорды сенімгерлік басқарғаны үшін комиссиялық сыйақы, оның ішінде 2017 жылы көрсетілген қызметтер үшін 702971 мың теңге және өткен жылдарда көрсетілген қызметтер үшін 2307671 мың теңге;

2) 2288059 мың теңге - өткен жылдарда көрсетілген қызметтер үшін Ұлттық Банктің Ұлттық қордың активтерін сенімгерлік басқарғаны үшін комиссиялық сыйақы;

3) 980129 мың теңге - Ұлттық қордың жаһандық кастодианы көрсететін қызметтер үшін, оның ішінде 2017 жылы көрсетілген қызметтер үшін 402579 мың теңге және өткен жылдарда көрсетілген қызметтер үшін 577550 мың теңге;

4) 305310 мың теңге — Ұлттық қордың кастодианы көрсететін қызметтері үшін, оның ішінде 2017 жылы көрсетілген қызметтер үшін 152559 мың теңге және өткен жылдарда көрсетілген қызметтер үшін 152751 мың теңге;

5) 9900 мың теңге - Ұлттық қордың аудитін жүргізу бойынша өткен жылдарда көрсетілген қызметтер үшін;

6) 46 мың теңге - теңгеге номиналданған "Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші" акционерлік қоғамы 2017 жылы көрсеткен қызметтер үшін.

Ұлттық қорды басқару бойынша шығыстарды есептеудің жалпы сомасы 2017 жылғы 31 желтоқсанға 15344245 мың теңгені құрады, ол мынадай сомадан тұрады:

1) 9000195 мың теңге - Ұлттық қордың активтерін сенімгерлік басқарғаны үшін Ұлттық Банктің комиссиялық сыйақысы;

2) 5427895 мың теңге - Ұлттық қордың сыртқы басқарушыларының көрсетілген қызметтері үшін;

3) 578636 мың теңге - Ұлттық қордың жаһандық кастодианы көрсеткен қызметтер үшін;

4) 311473 мың теңге - Ұлттық қордың кастодианы керсеткен қызметтер үшін;  
 5) 26000 мың теңге - Ұлттық қорға аудит жүргізу бойынша керсетілген қызметтер үшін;

6) 46 мың теңге - "Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші" акционерлік қоғамы теңгеге номиналданған қағаздарды есепке алу және сақтау бойынша керсеткен қызметтер үшін.

3-нысан

Ұлттық қордың ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп (мың. теңге)

Баптардың атауы	2017 жыл	2016 жыл
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:		
Таза кіріс/ (шығын)	1497816686	272144551
Түзетулер:		
Қазақстандық мемлеісеттік компаниялардың облигациялары бойынша ( дисконттың)/сыйлықтың амортизациясы	(36261433)	(33151177)
РЕПО мәмілелері бойынша сыйақы түріндегі шығыстар		
Өзгерісі кезең ішіндегі кіріс немесе шығын құрамында керсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын қарлсы құралдарынан іске асырылмаған (кіріс)/ шығын	(278570124 )	(161467236 )
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы	1182985129	77526138
Операциялық активтердің (ұлғаюы)/азаюы:		
Туынды қаржы құралдарын қоспағанда, пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша есепке алынатын қаржы құралдары	1056487870	1091634634
Туынды қаржы құралдары	17113266	(6724585)
Дебиторлық берешек	(2408479)	10694958
Операциялық міндеттемелердің ұлғаюы/(азаюы):		
Туынды қаржы құралдары	(12619248)	2524296
РЕПО мәмілелері бойынша кредиторлық берешек		
Кредиторлық берешек және есептелген шығыстар	(157871348 )	151171944
Операциялық қызметтен (қызметке) ақша қаражатының таза түсімі /( пайдаланылуы)	2083687190	1326827385
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:		
Қазақстандық мемлекеттік компаниялардың облигацияларын (сатып алу)/сату немесе өтеу	98868438	(82759294)
Инвестициялық қызметтен (қызметісе) ақша қаражатының таза түсімі / ( пайдаланылуы)	98868438	(82759294)
Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының қозғалысы:		
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінен түскен түсімдер	2050812299	1140718170
Республикалық бюджетке аударымдар	( 4414317413 )	( 2855574097 )

Өзге аударымдар	71409241	(268740706)
Қаржы қызметінен (қызметіне) ақша қаражатының таза түсімі (пайдаланылуы)	(2292095873)	(1983596633)
Ақша қаражатының және оның баламаларының таза ұлғаюы/(азаюы)	(109540245)	(739528542)
Кезең басындағы ақша қаражаты және оның баламалары	984910062	1724438604
Кезең соңындағы ақша қаражаты және оның баламалары	875369817	984910062

4-нысан

### Ұлттық қордың таза активтеріндегі өзгерістер туралы есеп (мың теңге)

Баптардың атауы	Түсімдер	Аударымдар	Таза пайда/ (шығын)	Валютаны қайта бағалау бойынша резерв	Барлығы
2015 жылғы 31 желтоқсанға қалдық	23552833153	(14193276110)	488563763	13741800578	23589921384
Таза пайда/(шығын) Өзге де жиынтық кіріс			272144551		272144551
Кейіннен пайда немесе шығыш құрамында қайта жіктелмейтін баптар:					
Валютаны қайта бағалаудың таза активтердің бастапқы сальдосына әсері				(466234145)	(466234145)
Валютаны қайта бағалаудың таза пайдаға/ (шығынға) және өзге де аударымдарға әсері				24582885	24582885
Кейіннен пайда немесе шығын құрамында қайта жіктелмейтін баптардың барлығы:				(441651260)	(441651260)
Өзге де жиынтық кірістің барлығы			272144551	(441651260)	(169506709)
Таза активтердің құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен операциялар					
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінен түскен түсімдер	1140718170				1140718170
Республикалық бюджетке аударымдар		(2855574097)			(2855574097)
Өзге де аударымдар		(315005075)			(315005075)
Таза активтердің құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен операциялардың барлығы	1140718170	(3170579172)			(2029861002)
2016 жылғы 31 желтоқсанға қалдық	24693551323	(17363855282)	760708314	13300149318	21390553673

Таза пайда/(шығын)			1497816686		1497816686
Өзге де жиынтық кіріс					
Кейіннен пайда немесе шығын құрамында қайта жіктелмейтін баптар:					
Валютаны қайта бағалаудың таза активтердің бастапқы сальдосына әсері				(61612804)	(61612804)
Валютаны қайта бағалаудың таза пайдаға/ (шығынға) және өзге де аударымдарға әсері				(22547960)	(22547960'
Кейіннен пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелмейтін баптардың барлығы:				(84160764)	(84160764;
Кезеңдегі өзге де жиынтық кірістің барлығы			1497816686	(84160764))	141365592;
Таза активтердің құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен операциялар					
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінен түскен түсімдер	2050812299				205081229'
Республикалық бюджетке аударымдар		(4414317413 )			(4414317413
Өзге де аударымдар		71409241			7140924
Таза активтердің құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен операциялардың барлығы	2050812299	(4342908172 )			(2292095872
2017 жылғы 31 желтоқсанға қалдық	26744363622	( 21706763454 )	2258525000	13215988554	2051211372

Ұлттық қордың таза активтері 2017 жылдың соңында 20512113722 мың теңгені құрады (аудиттелген қаржылық есептілікке сәйкес есептеу әдісімен), 4,2 %-ке төмендеуі байқалады.

### 3-тарау. Ұлттық қорды басқару жөніндегі 2017 жылғы өзге де деректер

Ұлттық қордың активтерін бөлу құрылымы мынадай түрде болды. Ұлттық қордың валюталық портфелінің және қазақстандық эмитенттері облигацияларының теңгелік портфелінің жиынтық нарықтық құны 2017 жылғы 31 желтоқсанда 61767219981 АҚШ долларына тең болды, оның ішінде валюта портфелі - 58333503998 АҚШ долларына (94,44 %), облигациялардың теңгелік портфелі -2416883065 АҚШ долларына (3,91 %), теңгелік шотындағы қалдығы

- 1016832919 АҚШ долларына (1,65 %). Ұлттық қордың валюталық портфелінің құрамында тұрақтандыру және жинақтау портфелінің нарықтық құны тиісінше 7941076229 АҚШ долларын (13,61 %) және 50392427769 (86,39 %) АҚШ долларын құрады.

Ұлттық қордың валюталық портфелінің құрамына кіретін бағалы қағаздардың және басқа да қаржы құралдарының нарықтық құны жаһандық кастодиан деректеріне негізделеді.

#### Ұлттық қордың валюталық активтерін бөлу құрылымы

Атауы	Барлығы	
Мандат түрі	USD-мен нарықтық құны	%
Тіркелген кірісі бар бағалы қағаздар	37484193652	64,26 %
Ақша нарығы	7941076229	13,61 %
Акциялар	11799273814	20,23 %
Жаһандық тактикалық бөлу	1108960303	1,9%
Барлығы	58333503998	100,0%

#### Тұрақтандыру портфелінің активтерін бөлу серпіні

Активтер сыныбы	2014	2015	2016	2017
Ақша және ақша нарығының құралдары	82,28 %	83,18%	68,15%	77,58 %
Тіркелген кірісі бар бағалы қағаздар	17,72%	16,82 %	31,85%	22,42 %
Тұрақтандыру портфелінің барлығы	100,00 %	100,00 %	100,00 %	100,00 %

Есепті кезеңнің соңында тұрақтандыру портфелінің құрамындағы эталондық индекске кіретін елдердің қолма-қол валютасы мен мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі тұрақтандыру портфелі көлемінің шамамен 55,93 %-ына тең болды.

#### Жинақтау портфелінің активтерін бөлу серпіні


Активтер сыныбы	2014	2015	2016	2017
Тіркелген кірісі бар бағалы қағаздар	71,30%	78,97 %	77,23 %	75,06 %
Акциялар	24,14 %	19,91 %	21,19%	23,49 %
Ақша және ақша нарығының құралдары	4,56 %	1,12%	1,58 %	1,45 %
Жинақтау портфелінің барлығы	100,00 %	100,00%	100,00%	100,00 %

2017 жылғы 31 желтоқсанға елдік қатынаста Ұлттық қордың жинақтау портфелінің активтерін бөлуде ең көп үлес мыналарға келеді: АҚДІ (44,38 %), Еуроаймақ елдері (17,34 %), Ұлыбритания (7,49 %), Жапония (7,39 %), Канада (6,25 %), Оңтүстік Корея (5,58 %), Аустралия (4,92 %) және басқа да елдер (6,65 %).

Ұлттық қордың кірістілігі 2017 жылы 7,61 %-ды құрады.

2017 жылы Ұлттық қордың валюталық активтерімен инвестициялық операцияларды жүргізу нәтижесінде алынған инвестициялық кіріс 4429 млн. АҚДІ долларын құрады. Құрылғаннан бастап 2017 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңдегі Ұлттық қордың кірістілігі 80,83 %-ті құрады, бұл жылдық мәнде 3,64 %-ті құрайды.

#### Ұлттық қордың тарихи кірістілігі (АҚШ доллары)



6

Ұлттық қордың таза активтері мынадай санаттар (инвестициялық қоржын түрлері) бойынша жіктелген:

- 1) тұрақтандыру портфелі;
  - 2) жинақтау портфелі:
- тіркелген кірісі бар бағалы қағаздар портфелі;  
акциялар портфелі;  
активтерді тактикалық бөлу портфелі.

Инвестициялық стратегияға сәйкес Ұлттық қордың активтерінің әрбір сыныбы эталондық портфельге (индекске) қатысты басқарылады, оның негізінде активтердің кірістілігі бағаланады. Эталондық портфельдер (индекстер) Ұлттық Банк Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі № 65 қаулысымен бекітілген Ұлттық қордың инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларында айқындалған.

Тұрақтандыру портфелінің кірістілігі 2017 жылы 0,83 % құрады, осы кезеңде эталондық портфельдің (Merill Lynch 6-month US Treasury Bill Index) кірістілігі 0,95 %-ды құрады. Осылайша, тұрақтандыру портфелінің активтерін басқару нәтижесінде 2017 жылы теріс үстеме кірістілік алынды, ол 0,12 % құрады.


Жинақтау портфелінің кірістілігі 2017 жылы 9,41% құрады.

Облигациялардың "Ауқымды облигациялар" қосалқы портфелін басқару кірістілігі 2017 жылдың басынан бастап 31 желтоқсаны аралығында 5,75 % құрады. Осы қосалқы портфельдің эталондық портфелінің кірістілігі 5,51 % құрады. Осылайша, мандаттың осы түрін басқару нәтижесінде алынған үстеме кірістілік 0,24 % құрады. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша мандаттың осы түрі бойынша басқаруды 8 сыртқы басқарушы және Ұлттық Банк жүзеге асырды.


"Ауқымды акциялар" мандатының түрі бойынша активтерді басқарудан түскен кірістілік 22,81 % құрады, ал бенчмарк кірістілігі 23,08% құрады. Осылайша, мандаттың осы түрін басқару нәтижесінде алынған үстеме кірістілік (-) 0,27 % құрады.

"Активтерді ауқымды тактикалық бөлу" мандатының түрі бойынша жинақтау портфелінің активтерін басқарудан түскен кірістілік 10,43 % құрады, ал бенчмарк кірістілігі 8,87 % құрады. Осылайша, мандаттың осы түрі бойынша жинақтау портфелінің активтерін басқару нәтижесінде эталондық портфельге қатысты үстеме кірістілік 1,57 % құрады.

### 2017 жылғы жинақтау портфелінің кірістілігі



### 2017 жылғы тұрақтылық портфелінің кірістілігі



Ұлттық қорды басқару бойынша 2017 жылы жүргізілген іс-шаралар туралы қосымша ақпарат.

Есепті кезеңде Ұлттық Банк Ұлттық қордың активтерін басқаруды одан әрі жетілдіру бойынша жұмысты жалғастырды.

Есепті кезеңде Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 385 Жарлығымен бекітілген Ұлттық қордың қаражатын

қалыптастыру мен пайдаланудың жаңа тұжырымдамасын іске асыру бойынша жұмыстар жүргізілді. Ұлттық қордың активтерін басқару бөлігінде бұл Тұжырымдама ұзақ мерзімді күтілетін кірістілікті арттыруға бағытталған жинақтау портфелін ағымдағы консервативті бөлуден теңгерімделген бөлуге біртіндеп кешуді болжайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 403 қаулысымен бекітілген Ұлттық қорды орналастыру үшін материалдық емес активтерді қоспағанда, рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесіне тиісті өзгерістер әзірленді. Сондай-ақ Ұлттық Банк Басқармасының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 126 қаулысымен бекітілген Ұлттық қордың инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларына (бұдан әрі — Қағидалар) өзгерістер енгізілді.

Осылайша, өзгерістермен және толықтырулармен әзірленген негізгі бастамалар Жинақтау портфелінің активтерін жаңа стратегиялық бөлуге көшу жоспарын қабылдау және тұрақтандырылған портфель мөлшеріне шектеуді белгілеу болып табылады. Бұдан басқа, Қағидаларға сәйкес теріс кірістілігі бар қосалқы портфельдердің үлестерін темендету, валюталық құрауыштармен негізделген портфельдің құбылмалылығын темендету мақсатында эталондық портфельді валюталық бөлу жинақтау портфелінде еуро мен жапон иен асында әрбір валютада 5 %-ке тіркелген кірістілігі бар бағалы қағаздардың үлесін қысқарту есебінен АҚШ долларының пайдасына (жинақтау портфелінің тіркелген кірістілігі бар бағалы қағаздардың жалпы үлесінен +10%) өзгертілді.

Ұлттық қордың мақсаттары мен міндеттерін халық арасында түсіндіру бойынша жүйелі жұмыс жүргізу шеңберінде 2016 жылға Ұлттық қордың қалыптастырылуы және пайдаланылуы туралы есеп және сыртқы аудит жүргізу нәтижелері туралы ақпарат 2017 жылғы 23 маусымда "Казахстанская правда" газетінде № 119 (100771) жарияланды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің веб-сайтында орналастырылды.

Ұлттық қордың қызметі туралы қажетті ақпарат, есептер, Ұлттық қордың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің веб-сайтында ([www.minfin.gov.kz](http://www.minfin.gov.kz)) орналастырылған.